

УДК 438

СЫР Өңірінен тараған ұлы есімдер

Жумабекова Акерке

akerke_zhumabekova.00@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 1-курс студенті, филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығы, Нұр Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент Н.Е.Сайлаубаева

Рухани жаңғыру - адам баласының, оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жаңадан жарық көрген еңбегі - ұлт тарихындағы жаңа бір ұлы белес, ерекше жаңалық. Бұл еңбекте бүкіл қазақ халқы ежелден армандаған мақсатты, яғни ұлттық жаңғыруды қолға алып отыр. Ол кісі бұл рухани жаңғырудың жолын көрсетіп ғана қоймай, оны жүзеге асырудың нақты бағыт-бағдарын да ұсынды. Ұлттық сана, бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білім, эволюциялық даму, латын әліпбиіне көшу, дамыған 30 елдің қатарына қосылу секілді мәселелерді қозғап қана қоймай, «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» сынды бағдарламалары арқылы рухани жаңғырудың жолын салды.

Туған жер – киелі ұғым. Ол - әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның құтты өлкесі. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашағымен байланыстырады. Туған жердей жер болмайды. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімі - адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Н.Ә.Назарбаевтың «Туған жер» бағдарламасы - қазіргі заманда ең қажетті, пайдалы істердің бірі, ұлтжандылықтың кепілі. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – туған жерге, Атамекенге, Отанға қатысты құндылықтарды жастардың, болашақ ұрпақтың бойына сіңіру. Әрбір «елім» деген жас ұрпақ өзінің кіндік кескен, туып-өскен мекенін қастерлеуі, оның тыныс-тіршілігін, тарихын, мәдениетін мақтан ете отырып, туған жерінің болашағы жөнінде ой толғау қажет.

Менің туған жерім – Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылы. Сыр - Алаштың анасы, Қызылорда – бас қаласы. Қызылорда облысы — Қазақстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік.

Елбасымыздың «Туған жер» бағдарламасы әрбір отандасымыздың патриоттық сезімін арттыруға, елге танымал тұлғаларымызды қадірлеп, өлке тарихын зерттеуге өз ықпалын тигізеді. «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық қасиетті негіздейтін «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты жобамең сабақтасады. Қазақ халқының баға жетпес байлығы - еліміздің қайталанбас табиғи мұралары, тарихи-мәдени ескерткіштері. Соның ішінде киелі жерлердің алар орны айрықша. Киелі жерлер мен тұлғаларды айқындап беруші – халық. Мақала бойынша «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының ауқымы зор.

Елбасының «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша Қызылорда облысынан Қазақстанның киелі жерлері картасына 12 ескерткіш енді. Олардың қатарында археологиялық Сығанақ, Жанкент, Шірік рабат, Жент қалашықтары бар. Сонымен қатар Қорқыт ата, Оқшы ата, Қорасан ата кесенелері де осы тізімді толықтырды. Келер жылы көне қалалардың орнында қазба жұмыстары жалғасады. Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесінің мамандары киелі жерлер картасына Сыр өңірінен тағы 9 нысан ұсынбақ. Одан бөлек өңірлік маңызы бар 35 ескерткіштің қорғау аймағы белгіленді.

Мен туған киелі Сыр елі осындай киелі жерлерге, ұлттық құндылықтарға өте бай. Қасиетті Қорқыт бабамыз табан тіреген, Қорасан ата, Марал ишан кесенелері орналасқан жерімізде үш жүздің пірі, Сыр бойында ислам дінін қалыптастырушы Мүсірәлі Сопы Әзіз бабамыз, одан тараған Қосым, Әбжел сынды қожа бабаларымыздың бейіттері бар. Тарихтан мәлім Сартай бабамыздың да бейіті осында орналасқан. Әрбір адамзат баласы, ең бірінші, өз туған жерін, туған жер тарихын тереңірек білгені жөн деп ойлаймын.

Н.Ә.Назарбаев бір сөзінде: «Бабаларын қалтқысыз қастерлей алған халық балаларының да болашағын қапысыз қамдай алмақшы», - деген болатын. Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек.

Мен осы мақалам арқылы келешек ұрпаққа халқымыздың тарихында белгілі із қалдырып, тумысынан ерекше жаратылған тұлғалар туралы мәлімет бергім келеді, бойындағы ерекше қасиеттерімен табиғаттың тылсым сырына әсер етіп, өз ырқына бағындыра білген әруақты күш иелерін қадір тұтуға баулығым келеді. Менің «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына Мүсірәлі Сопы Әзіз, Қосым қожа, Әбжел баба,

Сартай батыр сынды тарихи тұлғалардың бейіттерін, қорымдарын, ескерткіштерін қосқым келеді. Мен осы Мүсірәліден тараған ұрпақ болып келемін.

Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жалғасы ретінде үндес, сабақтас 2018 жылдың 21 қарашасында «Ұлы даланың 7 қыры» мақаласы жарық көрді.

«Ұлы даланың 7 қыры» мақаласын негізге ала отырып, Сыр өңірінің де 7 қырын ұсынғым келеді.

Сыр өңірінің 7 қыры:

1) Археологиялық қалалар: Сығанак, Жанкент, Шірік-Рабат, Жент, Бәбіш молда қалашықтары.

2) Кесенелер: Қорқыт ата, Оқшы ата, Қорасан ата, Марал ишан және т.б.

3) «Байқоңыр» ғарыш айлағы

4) Сыр – күріштің анасы.

5) Сыр елі – жыр елі (жыршы, жыраулар, тарихи тұлғалар): Тұрмағамбет, Дүр Оңғар, Жиенбай жырау, Нартай, Нұртуған жырау т.б.

6) Табиғи жерлер: «Арал» теңізі, Қызылқұм, Сырдария өзені, Қамбаш көлі, Барсакелмес қорығы.

7) Мүсірәлі Сопы Әзізден тараған ұрпақтар: (Мүсірәлі баба ескерткіші, Қосым қожа, Әбжел баба қорымдары), Сартай батыр қорымы.

«Ұлы даланың 7 қыры» мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту шаралары» бағытының «Ұлы даланың ұлы есімдері» бөліміне Сыр өңірінің де ұлы есімдерін: Мүсірәлі Сопы Әзіз және одан тараған ұрпақтар: Қосым қожа, Әбжел баба сынды аталарымызды ұсынғым келеді. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу, болашаққа оң көзғарас таныту – елдің табысты болуының кепілі.

Анамның әкесі Ескожаев Серік Алмаханұлының бауыры Жарманов Қалмырза атам Сыр өңірінің ескерткіштері мен қорымдары туралы көптеген мағлұматтар беріп кетті. Осы атамнан сұхбат алып, оны бейне таспаға түсіріп алдым. Алған мәліметтерім бойынша Сыр өңірінен шыққан ұлы есімдер және олардың тарихта алатын орнын білдім. Ескерткіштер мен кесенелер, қорымдардың орналасқан жері, тарихын білдім. Ескерткіштер мен қорымдарды отбасыммен барып көріп, зиярат еттік. Естіп, жинақтаған мәліметтерімді жүйелеп, ұсынуды жөн көрдім.

Мүсірәлі Жәдікұлы – Үш жүздің пірі, Сыр бойында Ислам дінін таратушылардың бірі. Ол 1639 жылы Қызылорда облысының Қызылқұм беткейінде дүниеге келіп, 1721 жылы 82 жасында дүниеден өткен. 17 жасында ол Үш жүздің пірі болып тағайындалып, Тәуке ханның қасына отырыпты. Сол күннен бастап халық құрметтеп Тәукені – Әз Тәуке хан, Мүсірәліні - Мүсірәлі Сопы Әзіз деп атаған. Ол оқымысты болыпты. Жан, тән, дін тазалығын уағыздап халыққа қызмет еткен. Тәуке ханның «Жеті жарғысын» құруға ат салысқан. Сол себепті де «Ханымыз – Әз Тәуке, дініміз – ислам, Әзіретіміз – Сопы Әзіз Мүсірәлі, туымыз – қылшашақты жасыл байрақ, бас қаламыз – Түркістан, мақсатымыз – ұлы Түркістан мемлекетін құру» деген халық ұранының кейінгі ұрпаққа жеткізілгені дұрыс. Мүсірәлі қожаның қабірі Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданы, Шаян ауылында орналасқан. Ал, Қызылорда облысы Қазалы ауданына жақын жерде Мүсірәлі Сопы Әзізге арнап қойылған ескерткіш бар.

Әз Тәуке хан тұсында «Жеті жарғы» қабылданып, осы Ата Заңды Мүсірәлі Сопы Әзіздің батасымен бекітіпті. Мүсірәлі Сопы Әзіз Әз Тәуке ханның Бас Әзіреті, ақылгөй досы болған. Мүсірәлі қожа сол жарғыға өз үлесін қосып Әз Тәуке ханмен «Жеті жарғы» жинағын жасасқан.

Мүсірәлі Сопы Әзіздің қазақ халқына Үндеуі:

1. Бүкіл дүниені жаратушы Алла алдында барлық пенделер тең құқықты. Ислам дінін таныған, мойын ұсынған, өз ықтиярымен мұсылмандық жолды ұстанған әрбір адам Алланың бұйрықтарын орындайды.

2. Тіл-әрбір адамның тіршілікте түсініп, қатынас жасау құралы. Әрбір халықтың ана тілі бар. Ана тілін білу, қадірлеу-адам жанының сұлулығы, отандастар алдындағы борышы. Тіл-иманның кілті. Әрбір адам от басында, ел алдында көпшілікке түсінікті, Алланың берген ана тілімен, Аллаға сыйынып, тәубеге келіп, жақсы сөздер айтса, ол адамның тәубесі қабыл болып, күнәсі жеңілдейді. Туған анасынан үйренген ана тілін, халқының тілін, терең біліп, қадірлеп өсу-ұрпақтың борышы.

3. Бүкіл әлемді жаратқан Аллаға құлшылық жасау, Аллаға парыз еткен міндеттерді орындау-мұсылманның борышы.

4. Өмір-Алланың адамға берген сыйы және бақыты. Өсімдік, жан-жануар, тау, теңіз, су, оларды көтеріп тұрған жер Құдайдың адам өмірі үшін жасаған қажеттілігі. Адам жер бедерін оның табиғатын бұзбайды. Алланың жаратқан тіршілік теңдігін сақтап отыруы парыз!

5. Туысқандықтың арасы жеті атадан өтпей, құда-жекжат болып, қыз алып, қыз беруге тыйым салынсын.

6. Әрбір адам мейірімді, ұлтжанды парасат иесі болуына құқылы, елі, туыстары алдында міндетті.

7. Әрбір даулы іс «Жеті жарғыны» ала отырып шешімін тапсын!

8. Өш алу, қан төгу арқылы қарымта қайтаруға тыйым салынсын!

9. Отбасының бірлігін сақтап, ел-жұртына адал болуды Алла кісіге сый етіп тартқан.

10. Алла бұйыртқан ана тіліне, дініне берік болу-адамзаттың келешек алдындағы парызы.

Мүсірәліден 6 ұл, 4 қыз өрбіген. Ең кенже баласы-қалмақтың Шұғылай Жайсаңының кенже қызы, қалмақтың қолбасшысы Қалдан Церен Бошақтудың балдызы – Мәриямнан туған Қосым еді. Мүсірәлі Түркістанға кетерде Қосымды кіші жүзге пір етіп берген. Қонысы Әлім аталығының ортасында болған. Қабірі де осы Қазалы жерінде. Жеті өлікке жан берген, дұғасы қабыл болған. Қосым – кіші жүзге аты белгілі пір, әруақ иесі, әулие. Деректерде оны туған апасы – Сары қыз асырайды. Ол Қосымды анасы секілді мәпелеп бағып, күтеді.

Керейттен қожа шықты Қосым атты,

Кісі екен аруағы мол, кәрі қатты.

Қарадан қалай қожа шығады деп,

Есіткен елдің бәрі таңырқапты.

Жан берген жеті өлікке Мүсірәлі,

Көрсеткен көп ішінде кәраматты.

Үш жүздің кеңесінде Күлтөбеде,

Шешімін Тәуке ханның ел ұнатты.

Кіші жүз Әйтеке би қасына алып,

Пір болып Қаракесектен дәмін татты.

Керейттен шыққан пірдің күмәні жоқ,

Нандырған нәмі қазақ уалиятты.

[Сыр ақыны Шоңбайдың «Шежіре» атты дастаны]

Қосым қожаның бейіті Қазалы ауданы, Қуандария бойында орналасқан. Кесененің сыртында «Қосым қожа бейіті ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлар - Ескерткіш мемлекет қорғауында» деген тақтай бар. Оның қасында Қосым қожаны бағып, қағып тәриелеп жеткізген «Сары қыз» апамызға арналған ескерткіш тақта орналасқан. Қосымқожадан сәл жоғары Әйтеке бидің баласы Өтебас тамына қойылған ескерткіш.

Жалаңтөс Баһадүрдің ұрпағы Дәулет бақсының қобызына арнап салынған сағана да осы Қосым қожаның қорымының ішінде орналасқан. Жалаңтөс Баһадүрдің баласы Дәулет бақсы, Әйтеке бидің баласы Өтебас, Сартай батыр секілді тарихи тұлғалардың осы маңға келіп жатқанынан бұл аймақта Қосым қожаның беделінің қаншалықты екенін білуге болады. Барлық мұсылман елі арасында халық ішіндегі беделді адамдардың қаншалықты алыс болса да өзі қол берген, пір тұтқан әулиенің басына келіп жатуы қабылданған заң. Себебі әулие тағадат-ибатат арқылы Алланың сүйген құлы болып саналады. «Әулиенің жатқан жерінде

Алланың нұры болады. Нұр бар жерде береке болады» деп түсінсе, енді бір қауым әулиенің маңына барып жатса, сол әзіз жанның құрметі үшін Алланың жарылқауына ілінер деген үмітте болған...

Осы Қосым қожа қорымында орын тепкен тарихи тұлғаның бірі – Сартай батыр. Сартай батыр, Сартай Байжанұлы (шамамен 1711 — 1785) — батыр. Кіші жүз Әлімұлы Шектісінің Жақайым руынан шыққан. Сартай батырдың ерлігі мен елшілік қызметі туралы Нұрмағамбет Қосжанұлының “Мың бала” немесе “Сартай батыр” деп аталатын дастанында айтылады. Ел ішіндегі аңыз әңгімелерге қарағанда Сартай тек батыр ғана емес, би де болған. Оның Әбілхайыр ханның Кіші жүзді Ресейге қосу сәтіндегі талас-тартыста хан саясатын қолдағанын Тевкелев, Мейер жазбаларынан білеміз. Батырдың өз өсиеті бойынша денесі Қазалы қаласының оңтүстігіндегі Қызылдың құмындағы Қосым қожа қорымына жерленген.

Сартай батыр кесенесі тікбұрышты қам кесектерден тұрғызылған. Кесене жоспары шеңберлі, ішкі диаметрі 9 м, қабырғасының қалыңдығы 1 м, ал сақталған биіктігі 2,5 м. Ескерткіш бір камералы күмбезді (күмбезі сақталмаған) құрылыс: парабола кескінді күмбезі жоспарында үлкен диаметрлі дөңгелек негізге тірелген. Бетше босағасында аузы бар. Кесененің камерасы сыртқы қабатының кескінін қайталайды. Дөңгелек төменгі бөлігі шеңберлі белдемшемен көмкерілген, одан да жоғары қарай күмбез қаландысы басталады.

Қосымның пері әйелінен туған үлкен ұлы – Әбжел. Ол да елдің ықыласына бөленген жан болған екен. «Сенің анаң перінің қызы болғандықтан атыңды Әбжел қойдым. Халық сені «Бір қап жел» деп атайды. Дұғаң қабыл, оғың кезеулі болар» деген екен әкесі Қосым. Әбжелден 31 ұл, 41 қыз өрбіген. Бұл кісінің сүйегі өлгеннен кейін ақсары бас аққу бейнесіне айналып ұшып кеткен, тәнін жуған су мен сауап киімі жерленген. Өте қатал, айтқаны болатын, ықыластанған адамына шапағаты мол әулие адам екендігін халықтың айтуымен білуге болады. Әбжел баба Қазалы ауданына қарасты Басықара аулына жақын жерде қайтыс болған. Әбжел бабаның қабірі Басықара аулынан 6 шақырым, Қазалы ауданынан 24 шақырым жерде орналасқан.

Біз осы Қосым қожаның Әбжел деген баласынан тараймыз. Әбжел әулие аузы дуалы, айтқаны қабыл бола беретін кісі болған. Бір мезгілде бірнеше жерде көрініп, қазір Арқада жүрсе, сол мезетте Сыр бойында көрініп, көкте желдей ұшып жүретін болғандықтан халық оны «Әбжел-бір қап жел» деп атаған.

Мүсірәлі Сопы Әзіз де, оның баласы Қосым қожа да, оның баласы Әбжел баба да көріпкел, әулие, ерекше пір иелері болған. Біз сол Әбжел бабадан тараған ұрпақпыз. Мүсәрілі бабадан бері 9 атаға келіп отырмыз. Мүсірәлі – Қосым – Әбжел – Телеу – Шаң – Аю -Есқожа – Әлмахан - Серік. Сол Серікқызы – менің анам Есқожа Шәрігүл Серікқызы.

Қазіргі жаһандану дәуірінде халықтың сана-сезімін, дүниетанымын, ділі мен дінін, мәдени мұраларын тың зерделеу арқылы ғана ұлттың табиғи тарихи жадын қалыптастыруға болады. Елдікке шақыратын игі дәстүрлерді жасампаздықпен жаңғырту ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етеді. Іргелі ел екені санасына кірген келер ұрпақ бойында туыстық сезім нығайып, ұлттық мұралар жаңғырады деп үміттенемін. Тарихи ескерткіштерді, рухани құндылықтарды, киелі жерлерді зерттеу жұмыстарын болашақта да дәйекті түрде жалғастырамын деп сенемін.

«Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін», -деп айтып өткендей, өскелең ұрпаққа Елбасының артар сенімі мол. Мен де сол сенімді ақтап, оқуымды өте жақсы аяқтап, еліне білім сәулесін сепкен ұстаз болғым келеді. Шәкірттерімді, алдыма келген әр адамды елін, жерін сүйеге, оның бір бөлшегіне айналуға қызмет етуге баулығым келеді. Әрбір «Мен-қазақпын!» деген азамат осы жаңғыру жолын дұрыс түсінсе екен деймін. Бізге берілген зор мүмкіндікті тиімді пайдалана алсақ екен деймін. Сонда ғана біріге көтерілген жүк жеңіл болады, қазақ мәдениеті жаңарып, болашаққа нық сеніммен қарауға мүмкіндік туады. Туған жерімнен жырақта жүріп, туған жер, туған ел қадірін терең түсінгендеймін. Адам баласы қайда жүрсе де, кім болса да өз туған жерін естен шығармауы керек. Мен өз туған жеріммен мақтанамын! Өйткені, мен – елін сүйген, елі сүйген ұланмын. Ендеше, көкжиектен

ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа меңзеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә.«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»//Егемен Қазақстан.12 сәуір.2017.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999, 356 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Ұлы дала ұлағаттары: ойлар, толғаныстар. Астана: Фолиант, 2016. 126 б.
4. Әбдіжәлел Б. Рухани жаңғырудың негізі – ұлттық құндылық //Егемен Қазақстан. 11 мамыр. 2017.
5. Әділбаева Ш. Хадис-ғұрпымыз, сүннет-салтымыз. //Алматы: Көкжиек-Б баспасы, 2009.
6. Негимов С. Рухани жаңғыру күретаымырлары //Егемен Қазақстан. 20 сәуір. 2017.
7. Ғаббас Р. Қазақстанда «Туған жер» бағдарламасы қолға алынады. //Айқын газеті.
8. Нағымов Ш.Н.«Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы» //Алматы, 2012.
9. Ғабитов Т.Х. «Қазақ мәдениетінің тарихы» //Алматы, 2016,156 б.
10. «Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясы. //Алматы, 2018.
11. Ұзақбаев Б. Сопы Әзиз Пір. 49-53 б.
12. Қазақстанның киелі жерлері географиясына Сыр өңірінен 12 нысан енді. // «Аймақ тынысы. 2017.
13. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың 7 қыры. //Айқын газеті. 21 қараша. 2018.